

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

ДІНТАНУ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТАНУ КАФЕДРАСЫ

ЛЕКЦИЯЛАРДЫҢ ҚЫСҚАША МӘТІНІ

Қазақстандағы дінтану тарихы

Мамандық: 6В03203- Дінтану

3 кредит

Лекция 1. Қазақ халқының рухани жүйесіндегі діннің орны

Қазақ халқы ислам дінін өз халқының діні ретінде ұстанғанына да мың жылдан аса уақыт өтіпті. Дәлірек айтқанда, VIII ғасырдан бастау алғанымен, X ғасырдың екінші жартысында арғы қазақ тайпалары тарихи шынайы таңдау жасап, ислам дінін қабылдады. Міне, осы кезеңнен бастап қазақ жері ислам өркениеті тараған аймаққа айналды. Сунниттік бағыттағы мұсылман діні қазақ халқы рухани байлығының ажырамас бір бөлігіне айналды. Негізінде, қазақ халқы мәдениеті мен тарихындағы ислам дінінің рөлін екі аспектіде қарастыруға болады. Бір жағынан алғанда, құлдырап бара жатқан нанымдардың орнына келген ислам діні адамдардың адамгершілік тұрғыдан биіктеуіне, интеллектуалды және мәдени ілгерілеуіне ықпал етті. Әсересе, бұл дін ұлттық сипаттағы ең үздік қасиеттердің қалыптасуына оң әсер етті. Келесі жағынан алғанда, исламнан нәр алған халық тарих белестерінде өзіндік орнын жоғалтпау үшін мәдени күреске ұмтылды. Өйткені, бұл кезеңде қазақ жұртына қиыр шығыстық және христиандық дәстүрлер пәрменді ықпалын тигізіп, тұрақты қысымға алып отыратын. Ал ислам діні осыларға қарсы қойылған «сауыт» қызметін атқарды, ұлттық «мәнді» сақтап қалуға мүмкіндік берді.

Қазақ даласында «Құран», «пайғамбар», «шарифат», «ислам» сөздері үнемі айтылып жүрді. Араб-парсы классиктерінің шығармалары қазақ ұлттық мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналды. Өзінің бүкіл саналы ғұмырында қазақ халқы араб жазуын пайдаланып келді. Соңынан мұны Ахмет Байтұрсынов реформалап, өзіндік «төте жазуға» айналдырды, оған қазақтың төл дыбыстарын білдіретін таңбалар ендірді.

Қазақ мәдениетінің майталмандары атанған ақын-жыраулар, күйшілер, билер қырдағы ислам өркениетінің көрнекті өкілдері атанды, олардың діни білімдері ерекше болды. Қожа Ахмет Ясауи мен Асан Қайғыдан бастап Шәкәрім мен Міржақып Дулатовқа дейінгі қазақ мәдениетінің барлық өкілдері ислам руханиятының тасымалдаушыларына айналды.

Қазақ зиялыларының барлық өкілдері мұсылмандықты ұлттық-мәдени өмірдің қажетті бөлігі деп санады. Олар осы діннің мәдени, гуманистік және ұйымдастырушы кезеңін өркендетуге ұмтылды. Міржақып Дулатовтың «исламға қалай жол ашамыз» деген жан айқайы осы дінге деген ерекше құрмет белгісін танытады.

Сонымен, ислам дінінің қазақ даласында өркендеуінің алғышарттары қандай? Осы мәселеге тоқталайық.

Қазақтар көшпенді түркі халықтарының (ғұндар, орхон түріктері және т.б.) тікелей ұрпағы болып келеді. VI-VIII ғасырларда ұлы далада үстемдік құрған түркі тілдес тайпалар дәуірі қазақ халқының рухани тарихында ерекше орынға ие Өйткені дәл осы кезеңде қазіргі Қазақстан аумағын мекендеген халықтың шаруашылық жүргізу әдістері, тілі, тұрмысы, ұлттық-мәдени және саяси дәстүрлері түпкілікті қалыптасып болды. Дала мәдениетінің өзіндік ерекшеліктері орын алды.

Кейде «көшпенді мәдениет» пен «мұсылман мәдениеті» ұғымдарын шатастырып жатады, бұл екеуі дербес ұғым болып табылады. Өйткені, «көшпенді мәдениет» шаруашылық жүргізу және тұрмыстық салттарды, ал «мұсылман мәдениеті» дін аясында өмір сүруді білдіреді. Мәдениет (өркениет) рухани саламен, дінмен байланысты болады. Тарихи тәжірибенің көрсетуі бойынша сан ғасырлар бойы қалыптасқан көшпенділер мәдениеті ислам дінінен тыс қалыптасып үлгерген. Сондай-ақ оның шеңбері аясында өмір сүре алады. Ислам діні көшпенді мәдениеттен отырықшылыққа көшуге мәжбүрлемейді. Мұның өзі қазақтардың ислам дінін қабылдауына да өзіндік әсерін тигізді.

Ислам діні салт-дәстүрлердің рухани өзегіне айнала отырып, қазақ халқына ғылым, білім, діни-танымдық көзқарасты тарту етті. Ислам діні адамдардың не үшін өмір сүріп жатқандығынан, жақсы-жаман әрекеттері үшін Алланың алдында жауап беретіндігінен хабардар етті.

«Дін құлдырай бастаса, адамның бүкіл руханиаты ауруға ұшырайды, ал егер өркендей түсетін болса, онда мәдени өсуге жол ашылады» Дін дағдарысқа ұшыраған жағдайда, оған іргелес тұрған мәдениет те құлдырап, жойылуға айналады. Дін тарихи-мәдени таным ретінде өркениетке өмір сыйлайды. Олардың бірлескен өзара әрекетінен әлемдік тарихтың мазмұны құрылады. «Мәдениет» пен «өркениет» бастапқы жабайылықтан құтқарады, халықты адамиландырады, басқаша айтқанда, олар адамды түбегейлі өзгеріске ұшыратады. Араб халқының ұлы тарихшысы Ибн Халдун көшпенді халықтың ислам дінін қабалдауы туралы былай деп жазады: «Құдай түркілерді өз құдіреті арқылы мұсылман әлеміне топтап келіп енетіндей, бұрынғы әдеттерінен арылатындай етті» Халифа Мамун заманында өмір сүрген атақты ғұлама ғалым Әл-Жахиз түркілер туралы былай деп жазады: «Түркі жауынгер ат үстінде ұшыртып ойдан қырға, қырдан ойға құйылып, оңды-солды жауларына оқ атады. Хауариж жауынгері бір оқ атқанша түркі он оқ шығарады. Түркі жауынгерінің маңдайында екі көзі, желкесінде екі көзі бар». Ол кісі тағы да түркілер туралы былай деген: «Мұсылмандықты қабыл еткен түркілер бұрынғысынан да әруақтанып, айдынданып кетті, ал манихей дініне кірген түркілер жүнжіп жоқ болып кетті». «Түркі дүниесі халықтар мен мәдениеттер арасындағы байланыстырушы буын болып келді. Уақыт өте келе қазіргі түркі дүниесі өзінің мәдени әлеуетін біріктіре әрі дамыта отырып, зерттеушілер тарапынан «түркі-ислам өркениеті» деп аталуы да ықтимал. Қорыта келгенде түркі даласын, оның ішінде сан ғасырлық өз тума мәдениетін жасап, оны өмірлік ұстанымы етіп жүрген қазақ халқы туралы қалам толғағандар әлі де мұсылмандық мәдениет аясында жазылған және тарихи еңбектерде сақталып қалған мұраларымыз мол. Оларды ортамызға қайтаруымыз керек, мәдени мұраларымыздың мұрты бұзылмай тұрған қырларына назары түсетін жаңа жас буынға жол ашуға тиіспіз. «Арқасына екі рет қараған ешнәрсесін жоғалтпайды» дейді атам қазақ, оны «ескі сарын» демей көненің көзі деп көзге сүрме, басымызға бастырық етуге тиіспіз. Құдай жазса алдымыздан әлі де бұл тақырыпқа қалам толғаймыз деп ойлаймын.

Лекция 2-3. Ортағасырлық түркі ойшылдарының діни ізденістері

Ислам діні мен мәдениетінің қазақ жеріне келуі мен орнығуы рухани өркендеуге жол ашты. Ислам діні мен руханиятын қабылдаған түркі халықтары Ислам мәдениеті мен ғылымына өз үлестерін қосты. Ислам дінін қабылдаған түркі халықтары арабтық ассимиляцияға ұшырамай, төлтума тілі мен әдебиетін өркендетіп, әлемге әйгілі болды. Түркі тілі мен әдебиетінің, түркі философиясы мен руханиятының дамыған кезеңі Ислам діні мен мәдениетінің кең қанат жаюымен етене байланысты. Ежелгі түркілер Ислам діні мен ілімін қабылдағаннан кейін түркі әлемінде өрлеу байқалып, ортағасырлық мұсылмандық ренессанс атауына ие болды.

Тарихы тереңде жатқан халқымыздың орта ғасырлық тарихы мен мәдениеті Ислам діні мен мәдениеті негізінде дамыды. Ортағасырлық қазақ жеріндегі Отырар, Кердер, Түркістан, Сауран, Сығанақ, Жент, Баласағұн, Сайрам (Исфиджаб), Тараз, Меркі қалалары мәдениет пен ғылым ордалары болды. Орта ғасырлық ойшылдар өз шығармаларында Ислам ілімі мен ғылымының мәселелерін көтерді. Ә.Дербісәлінің пікірінше: «Арабтар Ислам туын тіккен тұста көне түркілер мекендеген Тұран жерінде диқаншылықпен, мал өсірумен қатар, алтын, күміс, жез, темір, қорғасын өндірген елдің өзіндік өскелең мәдениеті болған. Түркі қалаларында тоқымашылық, сауда-саттық пен қолөнері қатар дамыған»

Ислам өркениеті мен мәдениетінің ірі орталықтары болған Тараз, Отырар, Сығанақ, Түркістан, Сайрам қалаларында мешіттер мен медреселердің жанында ірі кітапхана қорлары болды. Бұл кітапханаларда дін ғылымы, философия, әдебиет, жаратылыстану ғылымдарының көрнекті майталмандары қолжазбаларды шығарумен айналысты. Бұл қолжазбалар мен кітаптар Ислам дінінің ілімдік негіздері, дін тарихы, пайғамбарлар өмірі, хадис ілімі және мұсылмандық шарттар, Ислам ахлағы, діни аңыздар мен хикаялар туралы

баяндайтын. Бұл жәдігерлер ел арасында қолдан-қолға өтіп, таралып отырған. Мешіттер жанындағы медреселер білім мен ғылым ордасы ретінде қызмет етіп, халықтың рухани сұраныстарын өтеумен қатар, білім мен ғылымның дамуына да үлес қосты.

Орта ғасырда қазақ даласынан шыққан ғұламалар Әл-Фараби мұралары, Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» («Түркі сөздерінің жинағы»), Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» («Құтты білік»), Ахмет Йасауидің «Диуани Хикмет» («Ақыл кітабы»), Мұхаммет Хайдар Дулатидың «Тарих и Рашиди», «Жаһан наме» еңбектері, Ахмед Иүгінекидің «Хибат-ул Хақаик» («Ақиқат сыйы»), Сүлеймен Бақырғанидің «Бақырған кітабы», Хусам ад-Дин Сығанаки – еңбектері Ислам мәдениеті аясында жазылған жәдігерлер. Түркі ойшылдары Ислам мәдениеті мен ғылымының өркендеп өсуіне елеулі ықпалын тигізді. 960 жылы Қарахан елінің мемлекеттік діні Ислам діні болып жарияланды. Қарахандықтар дәуірінде қала мәдениеті дамып, мұсылмандық сәулет өнерінің ескерткіштері Алаша хан кесенесі, Әулие Ата, Айша Бибі кесенелері, мешіттер мен медреселер, кітапханалар Қарахан мемлекетіндегі рухани-мәдени және әлеуметтік-экономикалық дамудың жоғары болғанын дәлелдейді. «Қарахан мемлекетінің рухани-мәдени ұстанымы Ислам діні болды»

Орта ғасырларда қазақ елі мұсылмандық мәдениеттің аясында дамып, есімдері әлемге белгілі ойшылдар мен ғалымдарды тарих сахнасына шығарды. Араб халифаты аясындағы сан түрлі тілде сөйлейтін және алуан түрлі мәдени ұстанымдағы халықтарды біріктірген Ислам мәдениеті ғылым мен білімнің, мәдениет пен өнердің үлгісіне айналды. Орта ғасырлық мұсылман мәдениеті мен философиясы, ғылымы мен өнері түркі, араб, парсы тілдес сан алуан халықтардың жасаған ортақ еңбегінің нәтижесінде әлем мәдениетінің алтын қорына айналды.

Лекция 4. XV-XVIII ғғ. ақындар мен жыраулар шығармаларындағы имани рухани негіздер

Қазақ ақын-жырауларының дүниетанымы мен философиялық ізденістерінде және рухани құндылықтар жүйесінде исламның ықпал-әсері айқын көрінеді. Ақын-жыраулар шығармаларында имандылық мәселесіне үлкен көңіл бөлді. Діндарлық пен имандылық, тәубешілдік пен сабырлық, рақымшылдық пен қанағатшылдық сынды ұғымдар олардың шығармашылығының негізгі өзегін құрайды. Ақын-жыраулар шығармашылығындағы имани құндылықтар өмірдің мәндік идеясы ретінде көрінеді. Жыраулар мұрасының басты қазығы – адам, оның мінез-құлқы, қоғамдық болмыс пен әдеп мәселесі. Кісілік пен ізгілік құндылықтары пенденің адамдық қасиетін ашатын қасиеттер ретінде, адам өмірінің мәнін айқындайтын негіз. Адам баласы бұл өткінші дүниеде адам болып қалу үшін, иманын және адамгершілігін жоғалтпауы керек. Ақын-жыраулар шығармашылығының негізгі мәселелерінің бірі адамның иманы мен әдебін сақтау жолымен қоғам өмірін салауаттандыру және жетілдіру болып табылады.

Қазақ ақын-жырауларының дүниетанымы мен рухани ізденістері руханиятымыздың қалыптасуына ықпал еткен негіз болды деп санаймыз. Ақын-жыраулардың шығармаларында адам, қоғам, дін, дәстүр, әдеп мәселелері негізгі орын алды. Қазақ ақын-жырауларының рухани ізденістері халықтың салт-дәстүрі мен дінімен, өмір салтымен тығыз байланысты болды. Сондықтан да олардың рухани ізденістерінде қазақ қоғамының рухани болмысының түйткілді мәселелері көтерілді.

Қазақ халқының рухани әлемін жырлап ерекше көзге түскен Асан қайғы, Сыпыра жырау, Бұқар жырау, Шалкиіз, Қабылиса (Қабан), Ақтамберді, Шал ақын, Доспамбет, Жиёмбет, Дулат, Шортанбай, Мұрат, Махамбет сынды ойшылдардың діни-философиялық негіздегі ой-толғаулары тереңдігімен ерекшеленеді.

Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуші, көрнекті ғалым Б. Кенжебаев: «Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет халықтың жырын жырлады, халыққа ұғымды, жақын болды. Себебі, бір жағынан, Асан қайғы, Сыпыра жырау, Бұқар жыраулардың қай-қайсы да ханға

толғау жыр айтқанда, оны халықтың хал-жайы, мұңы, арманы етіп айтады, халық атынан сөйлейді» – деп жыраулардың ел мүддесін қорғаған қайраткерлер ретінде бағалайды

Қазақ ақын-жыраулары халық мұң-мұқтажын жырлай отырып, елдің хал-ахуалын, зәрулі мәселесін ел тұтқаларына жеткізеді. Шалкиіз, Ақтамберді, Шал ақын, Дулат, Мұрат, Қаблिसа, Жиёмбет, Доспамбет, Қазтуған, Базар жырау және т.б. жыраулар мұрасындағы құндылықтар сатысында Аллаһқа деген құлшылық жоғары тұрады. Жыраулар дүниетанымының діни негізі айқын. Сондықтан да жыраулар мұраларында адам үшін, яғни оның екі дүниенің бақытына ие болу шарты имандылық пен руханилықта екендігіне басты назар аударылады. Ақын-жыраулар өз ізденістерінде ұлттың рухани өрлеу мен ұлттық құндылықтарды сақтау, адамның иман әлемін күшейтіп, әдебін жетілдіруді қарастырды.

Лекция 5. Исламның Қазақстанға таралуы және оның қазақ халқының рухани бейнесін қалыптастыруға әсері.

Араб қолбасшысы Кутейб ибн Мүслим әскері Қазақстанның оңтүстігіне 714 жылы қарулы күшпен басып кірді. Қазақстан тұрғындарының исламдануы осы кезден басталады. Осы кезде Мауеренахрдағы бауырластарына үнемі қол ұшын беріп отыратын Түркеш қағанаты Орта Азиядағы арабтардың жаулап алған жерлеріне үлкен қауіп төндірді, себебі олар Шаш (Ташкент) пен Ферғананың, Самарқанд пен Бұхараның автохтонды тұрғындарын қолдап отыру үшін әскер жіберіп отырды. Арабтардың Испиджабқа (Сайрам) жоғарғы түркештердің қолбасшысы Әбу Мырзақым (Сүзеген) қаған араб экспанциясына сәтті тойтарыс беріп бірнеше рет жеңді. Басында арабтар Оңтүстік Қазақстаннан кетуге мәжбүр болды. 737 ж. қарай түркеш атты әскерінің көмегімен Мауереннахр әскері жерлерін араб секілді шетелдіктерден тазартты. Бірақ таққа талас барысында Сүзегеннің өлтірілуі Түркеш мемлекетін әлсіретті, сол себепті арабтың аймақ бастығы Наср ибн Сейяр осы жылдан бастап қайтадан Орта Азиядағы араб билігін қалпына келтіре бастады.

Б. Ғафуров: «714 ж. Кутейб Шашқа қайтадан шабуыл жасады. Ол Шашты жаулап алып, өз ордасына айналдырып, Испиджаб бағытында жорыққа аттанды. Кутейбті бұл қаланың сауда орталығы екендігі емес, оның стратегиялық маңызы қызықтырады: Испиджабты алып, Кутейб Орта Азиялық одақтастарына көмекке ұмтылған түркі әскерінің жолын қиып тастауға талпынды,» —деп жазды. Жорыққа сарбаздарымен бірге миссионерлер де қатысты, алайда арабтардың шегінуі дін уағыздаушыларына жаңа дінді таратуға мүмкіндік бермеді. Бұл аймақта көптеген конфессиялардың болғаны белгілі. Әсіресе, зәрдүстілік қомақты орын алды. Бірақ исламның таралуына байланысты зәрдүстілік қудалауға ұшырады. Оның жазба әдебиеттері жойылды. Басқа манихейлік, будда, христиан діндері де осындай жағдайға душар болды.

Ұзақ дәуірлер бойына қазақ тайпалары арасында әдет-ғұрыптардың нормалары қоғамның бірден-бір заң реттегіші ролін атқарды. Оның да себебі бар еді. Әуелі, қазақ қоғамы әлеуметтік-экономикалық жағдайына байланысты басқалардан өзгелерден бөлек өмір сүрді. Сол себепті де тек қазақтық өзіндік идеологияны ғана басшылыққа алды. Бұл исламның Қазақстанға баяу енуін туғызды. Екіншіден, әдет-ғұрып заң нормалары тек үстем тапқа ғана емес, жалпы қазақ қоғамына тиістілік сипатына ие болды. Өйткені туыс-туыстарымен ру-ру болып көшіп-қонған қазақтарда «ру намысы» күштірек еді. Бұл төменгі таптың «өз туыстастары» үстем тапқа қарсылығын тежеп отырды.

Арабтар Мауараннахрды Әбдімәлік ибн Маруан (685-705) тұсында ғана жаулап алуға қолы жетті. Хорасан билеушісі Кутейб ибн Муслим ішкі қырқыстардан әбден әлсіреген Орта Азияға қоныстанған түркі тайпаларын басып алды. Сөйтіп, 705 жылдың өзінде-ақ бүкіл Орта Азияны уысында ұстады. Балхты басып алған Кутейб ибн Муслим Бұхарға ұмтылды. Соғдылар мен түркі тайпалары арасына от салу нәтижесінде Бұхарды алды. Ауыр шайқастардан соң соғдылықтар астанасы Самарқан қолға түсті. Наршаһидің

жазуынша, Кутейбаның әскері Бұхарды бірнеше қайтара алғанымен, арабтар кете салысымен жергілікті халық ислам дінінен безіп, өз ата-бабасы ұстанған дінге көше берген. Төртінші рет Кутейба әзер дегенде қаланы алып, қалаға сол қаланың тұрғындарының жартысына жуық мөлшердегі арабтарды әкеліп қоныстандырды. Солардың күшімен ислам дінін енгізіп, бұрынғы табынатын пұттарын талқандап, оның орнына мешіттер салдырған. «Кімде-кім мешітке келсе, оларға ол (Кутейба) екі дирхам береді» деп жар шақыртады. Соның өзінде де жергілікті халықтан қорыққан арабтар мешітке қару-жарағымен келуге мәжбүр болған. Дегенмен де, қоқан-лоқы, сатып алу, т.б. жолдармен Орта Азияға арабтар ислам дінін енгізді./6/

Міне, осыдан кейін кең далада емін-еркін көшіп-қонған қазіргі Қазақстан термторриясындағы түркі тайпалары арасынан ислам дінін тарату үшін миссионерлер ағылды. Олар көшпенді халыққа күштемей-ақ ислам дінін енгізу жағын қарастырды. Оларға қазіргі қазақ халқын құраған тайпалар ұстанған дін, исламға көп жағынан кереғар еместей болып көрінді.

Әйтсе де, ұзақ дәуірлер бойы ислам діні қазақтардың ежелгі әдет-ғұрыптарын ығыстыра алмады. Қайта олармен санасуларына тура келді. Өз ата-баба дәстүрлерін көбірек ұстанған қазақтарды дінсіздер деп атады. Оларға қарсы «ғазуат» соғысына шақырулар да сондықтан. Бұл қазақи, өзіндік сипатқа ие дәстүрдің ұзақ дәуірді иеленген тарихы бар. Олардың гүлденген, күйзелген дәуірлері де бар. Мұндай жайт дүние жүзі халықтарының кез-келгендерінің бастарында да бар.

Қазақтардың өзіндік ерекшелік пен сипатқа ие болған елді басқару формалары, экономикалық жүйесі, рухани қажеттілігін қанағаттандырарлық өнері. Заңдары мен мінез-құлықтық кодекстері болған. Ұзақ дәуірлер бойы жазба мәдениеті мардымсыз дамыған қазақтардың (өйткені көшпенді тұрмыс кешу мектептер ұстауға мүмкіндік бермеді) уаызекі шығармашылық дәстүрі күшті дамыған. Әсіресе жас ұрпақты тәрбиелейтін үлгі-насихат жырлары, мақал-мәтелдері қандай мол, әрі қандай терең еді десеңізші! Бұлар тек құрғақ ақыл-кеңес емес, нәрлі де мазмұнды ғибраттар. Бұлар праволық нормалар мен моральдық, саяси, мінез-құлық, т.б. тәртіптерді де өз ішіне жан-жақты қамтиды.

Араб халифаты 634 жыл мен 710 жылдың аралығында, яғни 70-80 жылдың ішінде Сирияны, Иранды, Ауғанды, Орта Азияны, Африканың солтүстігін, Египет пен Европаның батысын тұтас жаулап алып, оларға бірден ислам діні мен араб тілінің үстемдігін орнатуға тырысты.

Қазақтардың ежелгі аталары Көк Түріктер, сақтар, ғұнда бұлар араб емес еді. Арабқа айналу процесі тарихтар бойы бір күшейіп, бір әлсіреп жалғасты.

Тұран өлкесін 705-715 жылдары араб халифатының әскери қолбасшысы Құтайба ибн Муслим басшылығымен талан-таражға түсіріп, халқын қырып жою арқылы үстемдігін жүргізді. Тұран өлкесіне жасаған қанды жорығында бірден-ақ жергілікті халықтың тілі мен дінін, дүниетанымы мен әдет-ғұрпын, жазуын, яғни халықтың тарихи жадын түбірімен жойып жіберуге шешуші мән берді. Өйткені Тұран өлкесін жаулап алғанымен, оны идеологиялық жағынан түпкілікті меңгермесе, ол халықтар халифаттың уысынан тез шығып кетуінен сескенді.

Осы себепті мәңгілікті рухани құлдықта ұстау үшін, жергілікті халықтардың рухани болмысын түбірлі өзгерту, яғни олардың халықтық тарихи жадын мүлде жойып жіберіп, оның орнына исламият идеологиясын қондыруды көздеді. Осы саяси мақсат тұрғысынан келіп, жергілікті халықтың тілін, дінін, дүниетаным, салт-дәстүрін, әсіресе осы ерекшеліктерді жалғастырып, халықтың тарихи жадын сақтаудың бірегей құралына айналған жазу таңбаларын жойып, оны арабша жазумен алмастыру саясатын комплексті тұрғыдан жүргізді. Құтайба тұрандықтардың ұлы жетістігі, ата мұрасы жазуын өмірден жойып жіберуді ғана мақсат тұтпай, халықтың тарих жадын құрайтын оның көп қырлы рухани сала көздерін жоқ қылып жіберуге тікелей кірісті. Осы себепті Құтайба рухани мәдениеттің бесігіне айналған қала атаулыны талқандап, халықтың әдет-салтын мұсылмандық әдет-салтпен алмастыру, араб тілінің қоғамдық қызметін үстем етіп

жергілікті тілді қудалау, елді мекен, жер атауларын, тіпті, халық пен жеке кісі есімдерін де арабшалап қойдыру, жазу таңбасын қолданудан шығару, қолжазба кітап атаулыны, сауаты бар кісілерді тұтас көзін жоюды, жабайыларды жабайылардың қолымен қырып тұншықтыру, сыйға билікке жығу, көркем әдебиет пен ғылыми еңбектерді тек араб тілінде жаздыруға әкелу, ел арасында тек исламияттық дүниетанымды тануға қолынан келгенінің бәрін жұмсап аянбай қимылдады. Ғұн, түркі, хорезм жазуын саналы түрде жойған араб басқыншылары енді ислам діні мен араб жазуының таралуына жол ашты.

Лекция 6. Ш. Уәлихановтың діни көзқарастары

1858 — 1859 жылдардағы Шоқанның Қашғарияға сапары ғалымдық, ағартушылық саласындағы еңбегінің жаңа белеске көтерілуіне жол ашты. Қашғария ол кезде Ресей тарапынан зерттелмеген өлке болатын. Саудагер ретінде Қашғарияға құпия барған Шоқан, өлкенің экономикалық саяси құрылымын зерттеп, оның тарихы мен этнографиясынан көптеген материалдар жинайды. Қашқарияға сапарынан *«Алтышаһардың, яғни Қытайдың Хан лу уәлаятының шығыстағы алты қаласының жайы»* атты еңбегі дүниеге келді. Бұл Шығыс Түркістан халықтарының тарихына, әлеуметтік құрылысына арналып, сол заман ғылымының биік деңгейінде жазылған әлемдегі тұңғыш зерттеу жұмысы еді.

Қашғарияға сапарынан кейін Сыртқы істер министрлігі Азия департаментінің арнайы шақыруымен Петербургте келіп, сонда бір жылдай тұрып ғылыми жұмыстармен айналысады. Алайда туберкулез ауруы меңдегендіктен Петербургтен елге, Сырымбетке оралады. Туған халқының екі жақты қанауда езілгенін көріп, 1862 жылғы сайлауда Атбасар округының аға сұлтаны болуға талпынады. *«Елдестеріме пайдамды тигізу үшін аға сұлтан болғым келді. Оларды шенеуніктерден, қазақ байларынан қорғамақ болдым. Сондағы ең алдымен көздегенім өз басымның мысалы арқылы жерлестеріме оқыған аға сұлтанның пайдалы екенін көрсету еді»* деп жазады ол бұл туралы досы Достоевскийге. Бірақ ол бұл мақсатын орындай алмайды. Шоқан қарсыласынан көп дауыс алып жеңіске жеткенімен, генерал-губернатор оның халық арасында ықпалы мен беделі зор болып кетеді деп сескеніп, «науқасына байланысты қызметтен бас тартты» деген өтірік сылтаумен аға сұлтандыққа бекітпей қояды.

1864 жылы наурыз айында Шоқан полковник Черняевтің шақыруымен Әулиеата жорығына қосылады. Орыс империясының Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияны Ресей қарамағына бағындыру мақсатын көздеген бұл жорыққа аудармашы, жергілікті халықпен бейбіт мәмілегерлік келісімдер жасау үшін қатысқан ол, полковник Черняевтің Әулиеатаны (қазіргі Таразды) алу кезінде шәһар халқына жасаған жауыздығын көргесін, ренжіп, кейін қайтады. Содан Верный (қазіргі Алматы) қаласына келіп, одан әрі Тезек төренің ауылында (бұрынғы Талдықорған облысы, жазда Күреңбел жайлауы, қыс кезінде Алтынемел асуының күнгейі) тұрақтап қалады. Сонда Тезектің немере қарындасы Айсарыға үйленеді. Сөйтіп жүргенде ескі өкпе ауруы қайта қозып, Шоқан 1865 жылдың сәуірінде қайтыс болады. Оның сүйегі Алтынемел тауының баурайындағы Көшентоған деген жерге қойылады.

Лекция 7. Ы. Алтынсарин дін туралы

Ы.Алтынсарин қазақ балаларына христиан дінін зорлап үйретушілерге үзілді-кесілді қарсы болды. Сондай-ақ, мектептерде дін сабағының өту мүмкіндігін пайдаланып, қазақ балаларының діни-танымын дұрыс қалыптасатыру әрі жастардың дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа кетпеуі үшін «Мұсылманшылдықтың тұтқасы» («Шариятул-ислам») атты оқулық жазып, 1883 жылы Қазан қаласында бастырған. Кітаптың кіріспе сөзінде Ы.Алтынсарин: «Ей, дін-қарындастарымыз, бізге ең әуелі керегірек іс – сол, әуелі білмек керек немен мұсылман болатынымызды. Мумин мұсылманның мұсылман аталуы

құр мұсылман киімін киіп, мұсылман арасында жүргеннен емес. Әуелі иманды болып, ол иман деген не екеніне түсініп, түсінген соң сол иман ішіндегі сөздерді шексіз шын көңілмен дұрыс деп білген кісіні мұсылман деп атайды. Соның үшін Құдай тағаланың пенделеріне парыз еткен парыздарының ең әуелі иман болса керек. Иманнан соң дін ғылымы дүр», - деп жазады. Осылайша «Мұсылманшылықтың тұтқасы» деп аталатын еңбегінде бір құдайдың барлығын алға тартады. Аталған кітап уақыт өте балалардың мұсылман дінінің қағидаларын игеруіне айтарлықтай үлес қосты. Ы.Алтынсарин “Мұсылманшылықтың тұтқасы” кітабында бүкіл дүниені, жан-жануарларды айта келіп: “Мұның бәрі де жалғыз теңдесі жоқ, ұқсасы жоқ бір құдайдың барлығына, бірлігіне һәм кәміл жаратушы халық-қадір екендігіне дәлел болса керек” деп тұжырымдайды. Сондай-ақ, иманнан кейінгі парыз амалдар намаз, ораза, зекет, қажылық секілді құлшылықтарға жеке-дара тоқталады.

Мұнымен қоса, адамдарға тиісті-тиіссіз мінездерге арнайы баб та қарастырған. «Пенденің көңілінде болатын пиғыл екі түрлі-ді. Бірі – көркем, бірі – бұзық сипатты» деп жазады осы бабтың басында. «Ей, жарандар, дүниеде ешкім мәңгі тұрмайды. Аз уақыт дүниеде қонақ хисабында тұрып, жаман пиғылды жаман хұлықты болып, ахиретіңізге не жанға, не денеге пайдасы жоқ нәжіс ұстап қайтпаңыз. Адам баласы бұл дүниеге ахирет деген түпкілікті орнында қорек ету үшін азық жия шығарылған Құдай тағаланың махлұғы болса керек. Дүниеде таза мінез бен қайырлы істер істеп ахиретке қайтсаңыз, сол өзіңіздің жиып қайтқан жақсылықтарыңыз – ахиретке бірге баратын дәулеттеріңіз», - деп жаман мінезден сақтандыра отырып, көркем мінез арқылы ақырет табысына қол жеткізуге болатындығын баян етеді.

«... Енді құдай басыма не салса да, мен күшімнің жеткенінше туған еліме пайдалы адам болайын деген негізгі ойымнан, талабымнан еш уақытта да қайтпаймын» деген Ыбырай Алтынсарин соңғы сәтіне дейін патша әкімдерінің отарлау, қазақтарды орыстандыру, тіпті шоқындыру саясатына барынша қарсылық білдіріп, өзінің ұлт жандылығымен халқына өшпес мұрасын қалдырды.

Сонау уақыттары Кеңес үкіметінің жүргізген жетпіс жылдық құдайсыз дәуірі қазаққа теріс ықпалын тигізіп, асыл дінінен едәуір ажыратқаны мәлім. Алла бұйыртып, халқымыз тәуелсіздік алып, мәңгілік егемендігіне қол жеткізді. Сол егемендіктің алғашқы жылдары Ы.Алтынсаринның қаламынан туындаған «Мұсылманшылықтың тұтқасы» атты еңбегі халқымызға елеулі қызмет жасады деп айтуға болады.

Лекция 8. Абай Құнанбаевтың моральдық-этикалық концепциясы

Абайдың философиялық, әлеуметтік көзқарасын зерттеушілер ұзақ уақыттар бойы кеменгер ақынның алуан салалы ойларының **онтологиялық** (бүтін дүниенің мәнін, материя мен сананың арақатынасын түсіну), **гносеологиялық** (нанымның мәнін түсіну) мәселелеріне ерекше мән беріп, біреулері Абайды онтологиялық жағынан «идеалист», екіншілері «материалист» деп таныса, гносеологиялық тұрғыдан біреулері «сенсуалист» десе, екіншілері «рационалист» деп, жартылай идеалист, жартылай материалист немесе жартылай сенсуалист, жартылай рационалист немесе дүниені, қоғамды таным теориясы тұрғысынан біреулері «метафизик», біреулері «диалектик» деп түсіндіріп келді.

Уақыт өтеді, заман өзгереді. Белгілі бір құбылысқа әр уақыттың адамы өз түсінігімен, өз пайымдауынша баға береді. Өйткені, құбылысты әркім өз кезінің тұрғысынан бағалайды, мөлшерлейді. «Материалист болу дұрыс екен, қайтсек материалист атанамыз» дейтіндер «нан болса, ән өзінен-өзі айтыла береді» дейтіндердің жалған, жасанды, тұрпайы қағидасы мақтардың аянышты зардабын аз көрмедік. Осындай тұрпайы, дөрекі социологиялық көзқарас **Абай** шығармаларын бағалауға да зардабын тигізді. Бұл көзқарас тағылар өмірдің өзінде қайшылықтар қандай көп болса, Абайдың табиғат, қоғам, таным жайлы түсініктерінде сол қайшылықтар, қарама-қарсылықтар өте терең бейнеленгенін

ескере қоймаған. Егер ақиқатқа, әділетке жүгінсек, Абай жалаң философиялық категориямен, мысалы, «материя», «сана», «уақыт», «кеңістік», «қозғалыс», «даму», «қажеттілік пен кездейсоқтық» сияқты т. б. толып жатқан «таза философиямен» шұғылданбайды. Ойшыл ақынның негізгі ойы - материя мен сананың, кеңістік пен уақыттың арақатысы емес, «қайран елі, қазағының» келешегі, қайткен күнде қазақты ескен, өркендеген елдердің қатарына жеткізу. Осындай ұлы мақсат, игі ниет үшін ойшыл-ақын «Қыранша қарап Қырымға, Мұң мен зарды қолға алады». Абайдың этикалық көзқарасын сөз еткенде 2 нәрсеге ерекше көңіл бөлу керек. Ол ақынның гуманистік және диалектикалық түсінігі. Абайдың дүниеге, әлеуметтік өмірге деген көзқарасының, бүкіл шығармашылығының өзегі, қайнар көзі, рухани күші, осы екі ұғыммен тікелей байланысты. Абайдың этикасы - гуманистік этика. **Дүние мен Жалған, Адам мен Пенде** мәселелерін қамтиды.

Абай өзінің Жиырма жетінші сөзінде дін және дін мәселесі жөнінде пікір алысып, ой жарыстыратын моралист-философ **Сократтың «Адам ең әуелі өзіңді-өзің таны»** деген этикалық принципі Абайдың да адам, адамгершілік туралы ойлары адам тарихындағы ұлы ойшыл даналардың пікірлерімен ұштасып жатады. Абайдың арманы да «адамды (пендені) адамға айналдыру», адамды кісі ету, азамат ету. Абайдың этикалық түсінігінде «дүние» және «жалған», «адам» және «пенде» деген бір-біріне қарама-қарсы ұғымдар бар. **Дүние - мәңгі құбылыс, жалған - өткінші құбылыс**, Адам - дүниенің, мәңгіліктің туындысы, пенде - жалғанның, күнделікті тіршіліктің туындысы. Адамның өмірі ақиқат, адалдық, әділеттілік, әдемілік деген ұғымдармен ұштасып жатса, пенденің өмірі күнделікті тұрмыстың, тек тіршіліктің, күнкөрістің қамымен байланысып жатады. Пенденің бір белгісі - ол өзінің қиялында да кішкентай, өз қиялында да шарықтай алмайды, тауық сияқты қораның шарбағынан жоғары ұша алмайды. Қыранның қиялы - биік шыңда болса, қораздың қиялы - қи түбінде. Пенде әрқашан да бағынғыш, құптағыш, күндегіш, затшыл, өзімшіл келеді, мырзаларының алдында құрдай жорғалайды. Адам, оның керісінше, өзін-өзі, айналасын сыйлайды, өзінің азаматтығын, адамгершілігін бағалай біледі, затқа бағынбайды, заттарды өзіне бағындырады. Пенделер заттың құлы болса - Адам заттарды өзіне құл етеді, осы тұрғыдан келіп, Абай адам деген ұғымды үлкен даналық санайды («Адам деген даңқым бар»). Тұрған мекеніне келгенде - адамның жүрген жері гүлстан да, пенденің жүрген жері - мыстан болып келеді. Абайдың арман ететіні - ақылды, жігерлі, білімді, адал, әділ адам. Ондай адам ханның тағына да, байдың бағына да қызықпайды, ойы сергек, өз қамымен халық қамын ұштастыра, жалғастыра білетін мейірімді жан.

Абайдың өзіне тікелей сөз берсек - пенде өз басында еркі жоқ, айналасына тәуелді - «байғұс». «Ақылы бар, ықтиярлы, Пенде теппе сөз жарын. Ерік иеде, пенде зарлы, Не білер не боларын?» немесе «Зар қылып тілеймін Рахметін алланың. Елжіреп жылаймын, Көңлін аш пенденің». Тіршілікте жан сақтау да, ар сақтау да бар. Абай ар сақтауды жан сақтаудан қоғары қояды. Абайша айтқанда, пенде жан сақтаудың қамы үшін өмір сүреді, оның арманы мен қиялы, тамақ пен киімі - мансап пен атақ. Пенде: «Шіркін, ананың киген киімі-ай, мынаның ішкен асы-ай, көршінің мінген аты-ай, тұрған үйі-ай» т. б. деп, өзгенің тіршілігіне тамсанумен өтеді. Пенде жеке басының қамы үшін, жан сақтау үшін арын құрбан ете береді. Осындай пендешіліктен арыла алмаған «қуыс кеуделерге» налыған Абай: «Құдай тағаланың кешпес күнәсы жоқ» деген жалған мақалды қуат керген мұндай пенденің жүзі құрсын,» - дейді. Пенденің ой өрісі - өзінің қара басының, отбасының, әрі кетсе сыбайластарының төңірегінен артпайды. **Ел, Отан, Халық, Ұлт** деген ұғымдар пендеге жат сөздер. Қарнын ойлаған пенде - халқын қайтсін! Абайдың даналық түсінігінде Адамның адамдығы, ең игі қасиеті жан сақтау емес - арын сақтау.

Абай этикасында **Ар, Намыс, Ұят** - ең негізгі ұғымдар. Бұл ұғымдардың мәні, мазмұны, ішкі сыры тек адамның өзімен-өзі кеңескенде, өзінің ішкі жан дүниесіне үнілгенде ғана мағынасы ашылатын, айқындалатын ұғымдар. Осындай мәнді моральдық, адамгершіліктің этикалық категорияларын - өз шығармашылығының өзегі, түйіні, тамыры етеді. «Қу өмір жолдас болмас, әлі-ақ өтер, Өз күлкіңе өзің қарық болма бекер! Ұятың мен

арынды малға сатып, Ұятсызда иман жоқ, түпке жетер» деп, ар мен ұятты негіз етіп, өмірдің түбін ойлауға шақырады. Адамгершіліктің мәні жөнінде терең толғанған ақын өз ойын әлем кеңістігіне жүгіртіп, Ар, Ұят, Намыс деген ұғымдар адам езінің ары алдында жүгінген кезде түйсігімен түсінетін киелі ұғымдар екенін, әр адам өзіне-өзі жауапты екенін аңғарта айқындай, түсіндіре келіп: *«Осы да есеп бола ма, Ар, абұйыр тапқанға? Миың болса жолама Бос желігіп шапқанға...», «Абиыр қайда, ар қайда? Өз басыңа не пайда?...», «Достық, қастық, бар қызық - жүрек ісі, Ар, ұяттың бір ақыл - күзетшісі. Ар мен ұят сынбаса, өзге қылық, Арын, алқын - бұл күннің мәртебесі»,* - дейді. Адамды адам етіп тұрған Ар екендігін, тіпті, өлім төніп тұрса да Ар сатуға болмайтындығын, халық санасында «өлімнен ұят күштіні» терең түсінген Абай - қазақтың тарихына ой жүгірте отырып: *«Аты аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен...», «өзіне ар тұтқан жаттан зар тұтады»,* -деп түйеді. Абай түсінігінде әр адамның ең үлкен күнәсі, міні, өзінің өзара алдында жасаған рухани қылмысы - арын сату, арсыздыққа салыну, ұяттан безу. Мұндайларға Абай төмендегідей теріс бата береді: *«Ант ішіп күнде берген жаны құрсын, Арын сатып тіленген малы құрсын, Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып, Қу тілмен қулық сауған заңы құрсын».*

Адам болудың бір шарты - Ұят деген ұғымды бойға сіңдіру. Ұят дегеніміз - адам бойындағы адамгершілікке жат, жаман қылықты, істі өз мойнына алып, өзінді-өзің сөгу, өзіңе-өзің ұрсу, өзінді-өзің дұрыс, әділ, адал жолға салу. *«Жалығу бар, шалқу бар, іш пысу бар. Жаңа сүйгіш адамзат, көрсе қызар. Ар мен ұят ойланбай, тәнін асырап, Ертеңі жоқ, бүгінге болған құмар»* Абай ұяттыларға мейірленсе, ұятсыздардан жиіркенеді де: *«Қайнайды қаның, Ашиды жаның, Мінездерін көргенде», «Жігерлен сілкін, Қайраттан, беркін!»*деп насихат бергенде; *«Ұятсыз, арсыз салтынан Қалғып кетер артынан»* деп, ұятсыздарды сөгіп, *«осы күнде менің керген кісілерім ұялмақ түгіл, қызармайды да, «ол істен», «мен ұятты болдым дедім ғой, енді нең бар?»»,* - дейді. Я болмаса, *«жә, жә, оған мен-ақ ұятты болайын, сен өзің де сүйтпек пе едің?»* - дейді. Ар, Ұятпен қатар саналы қазақтың табиғатына сіңген бір ұғым - Намыс. Ақын бұл ұғымға да ерекше мән береді. *«Бұрынғы ата-бабаларымыздың бұл замандағы ларымыздан артық екі мінезі бар: соның екіншісі - намысқор келеді екен. Ар, ұяттан айырылған, намыс дегенді білмейтін, білгісі де келмейтін болыстарды Абай мысқылдай кекетіп, өткір сатиралық тілімен түйреп:*

Не құдайшылыққа, не адамшылыққа жатпайтын, ардан бездіруге итермелейтін *«Жарлы болсаң, арлы болма ма»,* жалқаулыққа, сұрампаздыққа, жылпостыққа шақыратын: *«Қалауын тапсаң, қаржанады, Сұрауын тапса, адам баласының бермейтіні жоқ»,* ұрлыққа, мейірімсіздікке бағыттайтын *«Алтын көрсе, періште жолдан таяды», «Ата-анадан мал тәтті, алтын үйден жан тәтті»* дейтін, ата-анасын малға сатуға бейім тұрған опасыздардан, сатқындардан *«бек сақ болу керектігін»* қатты ескертеді.

Абайдың этикасы адам өміріндегі диалектик қайшылықтарды түсіндірудің, зерттеудің этикасы. Ақын Абай адамгершілік, мораль мәселесін сез еткенде жақсылыққа: **адамшылық, адалдық, әділеттілік, берекелік, достық, білімділік, еңбеккерлік, терең ойлылық, ерлік, жомарттық, қайраттылық, кісілік, қанағатшылдық, рақымдылық, махаббат, арлылық, намысқойлық, сабырлылық, сертке беріктік, табандылық, татулық, тәуекелшілдік, шүкіршілік** т. б. қасиеттерді, жамандыққа: **арамдық, азғындық, айлакерлік, парақорлық, арызқойлық, тәкаппарлық, сарандық, алдампаздық, сайқалдық, даңққұмарлық, әділетсіздік, әдепсіздік, пәлекорлық, пандық, әсемпаздық, бақастық, борышқорлық, өсекшілдік, надандық, менмендік, әсемпаздық, еріншектік, әулекілік, есерлік, жалақорлық, мақтаншақтық, жарамсақтық, залымдық, жылпостық, қияңқылықты.** б. жиіркенішті мінез-құлықтарды жатқызады. Абайдың негізгі этикалық, адамгершілік түсініктері әділдік пен әділетсіздіктің ұғымдық мәнін, арақатынастарын түсінуге арналған. Енді ұлы ойшылдың осындай диалектик. қайшылықтарға байланысты тұжырымдарына тоқталайық. Соның бірі - адам табиғатындағы ең күрделі қайшылық -

білім мен надандықтың арасы. Этикалық теориялардың мәнін түсінуге ұмтылған көптеген ғұламалар, ағартушылар сияқты Абай да адамгершілікті, моральдық біліммен, таныммен ұштастыруды қажет деп санайды. «Білімдіден шыққан сөз, Талаптыға болсын кез. Нұрын, сырын көруге, Көкірегінде болсын көз». Абай «білімді», «білімділік» деген ұғымдарды қазіргідей «бастауыш», «орта», «жоғарғы» білімі бар дегенді айтып отырған жоқ.

Абайдың философиялық, этикалық көзқарасында ерекше көңіл аударатын мәнді ұғым «өмір» мен «өлім» арасындағы мәңгі қайшылықты түсіну, түсіндіру, «Өлім деген не?», «Өмір деген не?», «Не өледі, не өлмейді?» деген сауалдарға ақын өз шығармаларында тиянақты жауап береді. «Өлім» деген ұғым туралы Абайдың ой толғамы, «Дәл уақыты жеткенде, Талайдың гүлі курайды. Рәсулді алған бұл өлім, Кімнен жөнді сұрайды?» - деп, өлімнің мейірімсіздігін кесіп айтады. Әр адам өзінің бүгінгісі мен ертеңгісінің арақатынасын үнемі ойлап отыруының қажеттігін аңғарта келіп, ақын:

*«Адамзат - бүгін адам, ертең - топырақ,
Бүгінгі өмір жарқылдап алдар бірақ.*

Ертең өзің қайдасың, білемісің,

Өлмек үшін туғансың, ойла, шырақ» деп, өз замандастарын «өмір» мен «өлімнің» арасын түсінуге шақырады. Адамгершілік тұрғысынан алып қарағанда, «өлім деген не?», «өмір деген не?», «не өледі», «не өлмейді?» деген сауалға да ойшыл ақын өзінше жауап береді. Тіршіліктің белгісі - өсімдік пен малда да бар дей келіп, «Малда да бар жан мен тән, Ақыл сезім болмаса, Тіршіліктің несі сән, Тереңге бет қоймаса?» дей келіп, «Ақыл мен жан - мен өзім, тән менікі. «Мені» мен «менікінің» мағынасы екі. «Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан, «Менікі» өлсе өлсін, оған бекі» - деп, Абай табиғи артта қалған тәрбиелі ұрпақ (бала-шаға, немере-шөбере, олардың ұрпақтары - ұрпағымен мың жасау), рухани (ақындық, ғалымдық, муз., шығармашылық т. б.), материалдық (ұрпағына қалдырған өз еңбегі мен жасалған мекен-жайлары) өлмес мұра болатынын аңғартады. «Мен» деген әр адамның адамгершілік қасиеті, рухы, мейірімі, ал «менікі» деген оның тәні, оның еңбегімен жасалған, артта қалар дүние-мүлкі. Абайдың өзіне сөз берсек: «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес, Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес. «Мені» мен «менікінің» айрылғанын «Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес...» «Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы, Өлмейтұғын артында сөз қалдырған?»

Материалдық өмір - уақыттың еншісі. Ол бүгін бар, ертең жоқ. Рухани өмір - мәңгілік. Ол адамгершілікке, жақсылыққа, әділеттілікке, өркениеттілікке қарай дами бермек. Рухани дүние - жан мен санаға байланысты, адамгершілікке, адамдыққа тән болса, заттық, материалдық дүние Пендешілікке, өткіншілікке тән нәрсе. Адамның адамдығы оның шыншылдығында, әділеттілігінде, әрқашан дұрыстықты қолдап қостайтындығында екендігін Абай бүкіл шығармашылығына арқау етеді. «Әділет пен ақылға Сыналып көрген-білгенін, Білдірер алыс-жақынға, Солардың сөйле дегенін» - деп, кеңес берсе, екінші жағынан турасын айтпайтын, әділетті сүймейтін: «Ақылды жан табылмас маған сырлас, Көріне тентек, көп надан мойын бұрмас, Әділетсіз, ақылсыз, арсыздарды Көре тұра, көңілде тыныштық тұрмас» деп, тентек, надан, әділетсіз, ақылсыз пенделерге ренжиді. Абайдың гуманистік этикасының, моралінің тағы бір ерекшелігі тек туған-туысқаныңа, дос-жараныңа ғана емес, тіпті, «дұшпаныңа да әділ бол» деуінде. «Досыңа достық - қарыз іс. Дұшпаныңа әділ бол. Асығыс түбі өкініш, Ойланып алмақ - сабыр сол». Дұшпанға әділеттік көзбен әділ қарауға, әділеттілік тұрғыдан бағалауға шақыру - әлемдік гуманизмнің тұғыры, төрі, биік шыңы. Білімділік пен надандықтың, өлім мен өмірдің, жақсылық пен жамандықтың, әділеттілік пен әділетсіздіктің арасындағы қайшылықтар туралы ойланған, толғанған ұлы гуманист ақын: «Мұны жаздым ойланып, Ойда бардан толғанып, Кірсе оқи бер, Бозбалалар қолға алып», - деп, жас ұрпаққа үміт артса, екінші жағынан: «Қыранша қарап Қырымға, Мұң мен зарды қолға алар, зұлымға, Шиыршықатар, толғанар», - деп, Абай өзіне-өзі жүк артады. «Жарлы емеспін, зарлымын, Оны да ойла толғанып, Жұртым деуге арлымын, өзге жұрттан ұялып», - деп, еліне ескерту айтады.

Абайдың **этикалық, моральдық, адамгершілік** идеалы, мұраты, принципі - қысқаша ғана **«Адам бол!»** деген формула, тұжырым. Адам болу - кісілікті кісі, шын мәнісінде азамат болу, қара бастың қамы емес, елінің қамын, халқының қамын, тіпті, бүкіл адамзаттың қамын ойлайтын, «өзін-өзі зор тұтып», «надандарды менсінбейтін», дүниеге әлем тұрғысынан қарайтын Азамат Адам болу. Осы ойларын поэзия тілімен: **«Адал бол - бай тап, Адам бол - мал тап, Қуансаң қуан сол кезде»** деп, байды да, кедейді де адамдыққа шақырады: «Адам болам десеңіз, Оған қайғы жесеңіз... Бес нәрседен қашық бол» (қ. «Бес дұшпан» - Өсек, Өтірік, Мақтаншақ, Еріншек, Бекер мал шашпақ), «Бес нәрсеге асық бол» (қ. «**Бес асыл іс**» - **Талап, Еңбек, Терең ой, Қанағат, Рахым**). Абайдың пікірінше екі аяқпен тік жүріп, екі қолын әр түрлі іске пайдалана, жұмсай білгеннің, ойлай, сөйлей (ойлаудыңда, сөйлеудің де мағынасы өте көп) білетіндердің бәрі толық, шын, ақиқат, адамгершілік мәніндегі адам емес, тек, адамға ұқсас әлеум. жануарлардың түрі, кейпі, көрінісі. Саудасын жүргізу үшін, момынды алдау үшін алуан түрлі тәтті сөздерді айтатын саудагер мен («Ортақтық, тыныштық, достық қой, Оның қадірін кім білер? Әркімге-ақтілеу қостық қой, Бәрі алдамшы саудагер») дұшпанын жеңу үшін алуан түрлі зымиян қулық-сұмдық ойлайтын, тәсілдер қолданатын саясаткерлерде («Сұм-сүркія - сұмдықпен еп берем деп, Сүйер жансып, сүйкімді бет берем деп. Жүз қараға екі жүз аларман бар, Бас қатар бас-аяғын тексеремдеп»)т. б. ақыл, ой, пікір, қулық-сұмдық аз емес, адамгершілік аз.

Ойшыл ақынның талдауынша, толғануынша тек адамгершілікке тән адал қасиеттерді өміріне, ісіне, күнделікті күн көру іс-әрекетіне табиғи сіңдірген кісі ғана - нағыз адам. Демек, Абайдың этикалық көзқарасының түйіні, өзегі, арнасы, квинтэссенциясы гуманистік принцип: «Адам бол!» Бұл принцип грек философы Диогеннің күндіз шам жағып нағыз адамды іздеуінің қазақ сахарасындағы көрінісі. «Адам бол!» формуласының, қисынының, қағидасының мазмұны - «періште», «адам», «пенде», «шайтан» деген төрт ұғыммен ұштасып, ұшырасып, қабысып жатыр. Адам періштеге орай, пенде шайтанға орай өмір сүрген жандар. Абайдың арманы - әр қазақты, пендені адам ету, періштеге ұқсату, пенделік, шайтандық жолдан құтқару. Осы ойды айқындау үшін «періште» мен «шайтан» деген ұғымдарына және бұл ұғымдардың «пенде» мен «адам» ұғымдарына арақатынастарына жол-жөнекей тоқтала кетелік. «Адам» мен «пендені» жоғарыда біраз сөз еттік, «періште» мен «шайтан» туралы ұлы ойшылдың пікірі қандай? Соған ой жүгіртелік. Жалпы алғанда, «періште» алла мен адамның арасында жүретін таза, күнәсіз, ерекше жан. «Алтын көрсе, періште жолдан таяды» деген мақалды Абай жек көреді, қазақтың қызыл сезінің бірі деп санайды.

Абай түсінігінде **«періште»** - ең адал, білімді, еңбекқор, әділ, мейірімді, рақымды адамның тіршіліктегі, қиялдағы мифтік бейнесі, образы. Періште туралы ойын қорыта келіп, Абай «Алтын көрсе, періште жолдан шығады» дейді. «Періште алтынды не қылсын, пенде өзінің көрсеқызар сұмдығын қостағалы айтқаны». «Ол күнде нұрлы бейіс ішінде екен, Өзі де періштелер үстінде екен. Жылы жүзбен жұлдыздар жылжып жүріп, Сәлемдесер, сөйлесер күшінде екен», - деп, «періште» деген ұғымның адамдардың ерекше бір түрі, адал, таза бейнесі екенін аңғартады. Пендені шайтандықтан құтқарып, адамдыққа айналдыру үшін Абай «шайтан», «шайтандық» деген ұғымдарға да тоқталады, «шайтанның шәкірті» болма дейді.

Лекция 9. XX ғасырдың басындағы қазақ ағартушылығының жарқын өкілдері

XX ғасырлар басында қазақ қоғамында экономикалық, саяси және рухани жағдайдың алмағайып кезеңі болатын. Отарлық әкімшілік жүйе қазақтың мәдениеті мен діни дәстүрін, білім беру жүйесін әлсіретіп құртуға бағытталды. Патшалық Ресей қазақтарды рухани отарлауды тілі мен дінінен, салт-дәстүрінен айыру жолымен шоқындыру саясатын қарқынды түрде жүргізе бастады.

Қазақстанның Ресейге күштеп қосылуының нәтижесінде қазақ халқы орыс мәдениетімен танысып, осы арқылы Батыс еуропалық мәдениеттің озық жетістіктерін игерді. Философ-ғалымдар А. Қасабек, Ж. Алтаев: «Қазақстандағы ағартушылық ойдың қалыптасуына ХІХ ғасырдың 40-60 жылдарындағы орыс ағартушыларының, әсіресе революциялық демократизмнің ықпалы қатты әсер етті. Орыс революционер-демократтарының идеалдары Қазақстан ағартушы-демократтарының жанына жақын келді» деп көрсетеді

Бұл дәуірдегі ақындар, ойшылдар мен зиялылар өз білімдерін медреселерде алып, ел мүддесі мен руханияты үшін күш-қайратын жұмсаған қайраткерлер болатын. Қазақ оқымыстылары мұсылмандық шығыс пен батыс мәдениетінің озық жетістіктерін терең меңгеру арқылы, ұлттық болмыс пен ұлттық ділдің ерекшеліктерін тереңінен тану арқылы өздерінің шығармаларының күш-қуаты мен рухани әлеуетін ұлттық-сана сезімді оятуға, рухани құндылықтарды жандандырып, өрлету жолына арнады. Қазақтың ойшылдары мен зиялылары Ресей отарындағы мұсылман халықтарының көшбасшылары тәрізді, Ислам діні мен құндылықтарын отаршылдыққа қарсы бағытталған күрестің негізгі тірегі ретінде қабылдады.

Лекция 10. Ш. Құдайбердіұлы дін туралы

Шәкәрім дүниетанымында «дін» және «діншілер» деген қос ұғым қатар қолданылады. Дін мен діншілерді бір деп қарау Шәкәрім дүниетанымын түсінбестік болар еді. Діншілер — бұл, Шәкәрім дүниетанымында, шығармашылығында ерекше сынға ұшырайтын ұғымдардың бірі. Ал дінді ойшылдың «діншіл» ұғымынан бөлек түсінгені аңғарылады. Шәкәрім «діншіл» ұғымымен қатар өз өлеңдерінде «пәншіл» ұғымын да қатар қолданып, бұларға сыни көзқараста болған. Мақаламыздың басты мақсаты Шәкәрімнің осы дін және діншілер жайындағы көзқарастарын талдау болып саналады. Шәкәрімнің пәншілдер туралы айтқан өлеңдерінің бәрінде діншілдер туралы дәл сол пәншілдерді сынағандай сыни көзқараста болғандығын аңғарамыз. Ол үшін Шәкәрім өлеңдеріндегі мына сөз тіркестеріне назар аударсақ жеткілікті: «Молдалардан дін сұрасаң, сандырақтар, сандалар», «Адасып діншіл азғанын, сынауға бұрдым бас», «Пәнші нанды бес сезімге, дінші адасты жолынан», «Пән жамылған әлімдер, дін жамылған зәлімдер» т.б. Бірақ Шәкәрім қолданған осы бірнеше сөз тіркестеріне қарап ол дінге қарсы болған немесе дінді қабыл алмаған деген пікірге баруға болмайды. Шәкәрімнің дінді өте терең мағынасында түсінген ойшылдардың бірі екендігіне дау жоқ. Шәкәрім тек бұрыс кеткен діншілдер мен діндерді ғана сынға алады. Олар, ойшылдың ойынша, өз жолдарынан адасқан болып саналады. «Дінші адасты жолынан», — деп тұр емес пе. Яғни, бар айтпақ ойы — діннің өз жолы бар, бірақ діншілер сол жолдан адасқан. Соны сынауға бұрдым бас дейді. Міне, Шәкәрімнің дін жайындағы көзқарастары туралы сөз қозғағанда осы мәселелер төңірегінен алшақ кетпеген жөн. Сонымен қатар Шәкәрім айтып отырған «дін жамылған зәлімдер» кімдер, оған да назар аударған жөн. «Бұл кездегі діндердің бәрі нашар», — дейді Шәкәрім. Бұған қарап Шәкәрім жалпы дінді терістеп отыр деп ойламау керек. Ол белгілі бір кезеңдегі тарап отырған діннің нашар екендігін ғана айтып отыр. Яғни бұдан сол діндерге қарап Шәкәрімнің оларға айтар өз ойының бар екендігін ұғынуға болады.

Лекция 11. А. Байтұрсынов пен А. Букейханов ұлттық жаңғыру мен мемлекеттіліктің жай-күйі туралы

1917 жылы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында І-ші жалпықазақтың съезде Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов «Тәуелсіз автономия» құру идеясын ұсынды [3, 101 б.]. І-ші жалпықазақтың съездің қортындасында «Алаш» ұлттық саяси партиясы құрылды. Әлихан Бөкейханов қазақ халқының көсемі, партия басшысы болып сайланды.

Бірақ қоғамда аласапыран ахуал қалыптастырған большевиктердің төңкерісі Ахмет Байтұрсынов және оның серіктерінің қазаққа дербес ұлттық автономия алып береміз деген әрекеттерін тұйыққа тіреді. Алаш қозғалысы білімсіз кедей-кемшіктің қалың тобырына арқа сүйеген жүгенсіз коммунистік қозғалысқа қарсы тұруға ол заманда қауқарсыз еді. Осыны түсінген және халқымен бірге болуды ойлаған Ахаң 1919 жылдың наурызында Кеңестер өкіметі жағына өтті, алғашқы өлкеде құрылған Революциялық комитет құрамына енгізілді. Ахандай ірі тарихи тұлғаның беделі уақытша болса да большевиктерге де қажет болды. Ол екі жылдай Республика халық ағарту комиссары қызметінде болып, қазақты ағарту ісіне, осы саланы аяғынан тұрғызуға қыруар еңбек сіңірді. Қазақ халқының қоғамдық ой-санасының дамуындағы барлық саяси қозғалыстар А.Байтұрсыновтың есімімен байланысты. Ол бейбіт ұлттық либерализмнен Октябрь революциясын және Совет өкіметін тануға дейінгі саяси даму кезеңдерінен өтті [4, 202 б.]. 1919 жылғы жаз бен күзде Ахмет Байтұрсыновтың инициативасымен Қазревком өз мәжілістерінде Алашорданың батыс бөлігімен байланыс жасау және оның басшыларымен келіссөздер жүргізу үшін арнаулы өкілдер жіберу мәселесін талай рет талқылады. Қазревкомның және оның төрағасы қызметін көп жағдайда өзі атқарған Ахмет Байтұрсыновтың осы мәселедегі табандылығы Торғайда болған оқиғаларды қайталамау және Алашорданың батыс бөлімінің түгелдей Совет жағына шығуын қамтамасыз етпесе де, оның Совет өкіметіне бейтарап жағдайда болуын жүзеге асыру ниетінен туындаған еді. Түптеп келгенде Алашорданың батыс бөлімін ақтардың одақтасы болудан совет өкіметі жағына шығару Орал өңіріндегі азамат соғысын тезірек аяқтаудың алғы шарттарының бірі еді [4, 206 б.]. Шын мәнінде, Аханның және оның серіктерінің Кеңес өкіметі жағына кездейсоқ өтпегені белгілі. Бұл туралы Аханның өзі «Жизнь национальностей» журналында 1919 жылы 3 тамызда жазған «Революция және қазақтар» атты мақаласында төмендегідей пікір білдірген еді: «Егер де бұрын бір топ адамдар патша чиновниктері атынан қырғыздарды (қазақтарды) жауапсыздықпен қамап, әр түрлі зорлық-зомбылықтарға жол берген болса, дәл осындай қылықты шет аймақтарда большевик-коммунистер деген атты жамылған осындай және басқадай адамдар тобы байқатты. Патша өкіметі кезінде, бұрын мұндай жағдаймен ымыраға келмеген мен және менің пікірлестерім, енді тағы да осындай істер Советтің Ресейде түгелдей орын алуда деп ойлап ымыраға келмей кеңес өкіметін мойындауғы қарсы болдық. Бірақ монархиялық билік бағытындағы Колчактың пайда болуы осы және басқа билік туралы ойлауға мәжбүр етті. Сонда біз қырғыз (қазақ-Т.О) халқының ежелгі арманы оңшыл ма әлде солшыл ма әйтеуір, жүзеге асар болар дегенге көзіміз жеткендіктен жергілікті большевиктердің іс-әрекеті біздерге ұнамды көріне қоймаса да кеңес өкіметі жағына шыққанды жөн көрдік» [4, 241 б.] Ахмет Байтұрсынов және оның серіктері, шын мәнінде кеңестік билікті амалсыз мойындады. Бірақ Ахаң ешқашанда қазақ халқының рөлін көтеру және қазақ елін ұлтық тұрғыдан дербес ету идеясынан бас тартқан емес. Ол 1920 жылы 17 мамырда В.Лениннің атына хат жолдап, «... Ресейде коммунистер көп, бірақ нағыз идеялық коммунистер өте аз, оның үстіне олар шет аймақтарда аз немесе мүлде жоқ», — дей келе қазақ жерінің билігін қазақтан шыққан коммунистер қолына беруді талап еткен еді [5, 4 б.]. Осы жылдың 12 шілдесінде Ахмет Байтұрсынов тағы да Т. Рысқұлов, Н.Ходжаев, З.Валидов, Ә.Ермеков, Х.Юмагулов тәрізді түркі халықтарының көрнекті тұлғаларымен бірге В.Ленинге хат жолдап, оның бұрынғы отарлаушы ел пролетариаты яғни орыс жұмысшы табы шеткері аймақтардағы отар елдер еңбекшілерін азат етеді деген қағидамен және панисламизмге қарсы күреске шақырған ұранымен өздерінің келіспейтінін ашық мәлімде

Лекция 12. М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М. Шоқай және «Біртұтас Түркістан» идеясы

1911 жылы «Маса» өлеңдер жинағы жарияланып, «Қырық мысал» кітабы екінші рет басылым көреді. Осы жылы «Айқап» журналында «Қазақ һәм түрлі мәселелер»,

«Қазақтың өкпесі», «Қазақ жерін алу турасындағы низамдар, бұйрықтар», «Закон жобасының баяндамасы», «Тағы да народный сот хақында», «Жер жайынан», «Жазу тәртібі», «Кітаптар жайынан», «Бастауыш мектеп» т.б. өзекті мақалалары жарияланады. 1912 жылы Қазақ әліпбиін (төте) түрлеп, қолданысқа ұсынады. Осы жылы «Оқу құралы» қазақша әліппесінің бірінші кітабы шығады. «Айқап» журналында «Қазақ жерін алу турасындағы низам», «Шәйіман мырзаға», «Қазақ һәм төртінші Дума» мақалалары жарияланады. «Шора» журналында «Қазақша сөз жазушыларға», «Қазақ» газетінде «Көшпелі һәм отырықшы норма», «Шаруа жайынан», «Жер жалдау жайынан», «Земство», «Білім жарысы», «Оқу жайы» т.б. келелі мақалалары басылады. 1913-1918 ж.ж. қырғыз атанған жұртының атауын қайта жаңғыртып, «Қазақ» газетін шығарды. Газеттің ұйымдастырушысы әрі бас сарапшысы қызметін атқарады. А.Байтұрсынов «Қазақ» газетінің бірінші санындағы халыққа арнауын былай деп аяқтады: «Аталы жұртымыздың, адуынды ұлтымыздың аруақты аты деп газетіміздің есімін «Қазақ» деп қойдық. Ұлт үшін деген күштің ұлғаюына күшін қосып, көмектесер қызмет ету қазақ баласына міндет. Қызмет етем десендер, азаматтықтың зор жолының бірі осы» [2, 3 б.]. «Қазақ» газетінің дәл сол кездегі тарихи мәнін Ахмет Байтұрсынов осы басылымның бірінші нөмірінде былай деп көрсетті:

Лекция 13. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің діни-этикалық концепциясы

Қазақ халқының көрнекті ойшылы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының (1858–1931) есімі еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бастап шынайы мәртебесіне көтеріліп, тарихта лайықты орнын ала бастады. Кезінде социалистік идеология қудалаған, теріс бағалаулар берілген талай ұлт саңлақтарының тарихи сана тұрғысынан өзінің лайықты бағасын алатын кезі келді. Бұл еңбектің Мемлекеттік «Ғылыми қазына» бағдарламасы ауқымында «Ұлы дала тұлғалары» топтамасын қалыптастыратынын атап өтуге болады. Дара тұлғалардың рухани тарихымыздағы орнын анықтайтын ойшылдың өмірі мен қызметі туралы еңбек гуманитарлық кеңістіктегі заңды құбылыс деуге болады. Мәшһүр Жүсіп қазақ халқының кемеңгер әрі аяулы перзенті. Ақынның шығармашылығы мен өміріне арналған іргелі еңбектер қазіргі кезеңде Алматы мен Павлодар және басқа да қалаларында әртүрлі көлемде жарық көріп келеді. Ғылыми зерттеулер жасалып, бұқаралық ақпарат ауқымында көрініс беруде. Ал, енді солардың қатарында басылып шыққан он үш томдық ақын шығармаларының жинағын кейінгі жылдардағы еліміздегі рухани кеңістігінің жетістігі. Павлодар қаласындағы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының рухани мұрасын зерттеумен айналысатын орталықтың қызметі жалпы қазақ халқының рухани мәдениетін дамытудың көрінісі. Оқырмандарға ұсынылып отырылған ҚР БҒМ Философия, саясаттану және дінтану институты ғылыми қызметкерлері қалыптастырған еңбекте Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігіне қарайтын Орталық ғылыми кітапхана жанында құрастырылып, 2008 жылы жарық көрген «Сөз өнерінің зергері» атты кітаптан біршама материалдар топтамасы өзара келісіммен қолданылды. Осы аталған еңбек тарихымыздың ұлы ойшылы, ғұламасы, дінтанушысы, библиографы, сөз өнерінің зергері, ақын, публицист, этнограф, фольклорист, ағартушы Мәшһүр Жүсіп Көпеевке арналады. Оны құрастырған мамандар: Күзембаева В., Қосаева Н.Қ. Ред. алқасы: Әбуғалиева К.К. (жауапты ред.), ред: Нұрғожина Ж.М., Ақашева С.С., Әбенова Л.Д., Бравач О.П. (техн. ред.). – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2008.

Лекция 14-15. Қазақ руханиятындағы дәстүрлі Ислам құндылықтары

Адамның басты мақсаты – өз ұлтының, өз жерінің мәдени ұстындарына сүйене отырып, өз бойындағы қасиеттірді дәйекті де тұғырлы етіп тәрбиелеп, жүзеге асыру. Яғни мәдениет өмірдің тиянақтылығын, тұрақтылығын, дәйектілігін, мәнділігін, табандылығын қамтамасыз ететін үлкен институт болып табылады. Ал қазіргі таңда қоғамдық өмірде дәйексіздік, тұрақсыздық, тиянақсыздық секілді белгілердің көбейіп кетуіне байланысты соңғы онжылдықтарда осы мәдениет феноменіне қызығушылық артып отыр. Бүгінгі қоғам

өмірінде жиі көрінетін жағдайлар – ата-ана мен бала арасындағы түсініспеушілік, олардың арасындағы дау-жанжалдар, адамдардың бір-біріне сенімсіздік танытуы, бір мемлекеттің азаматтары бола тұра, ұлтқа, нәсілдікке, діни ұстанымдарға бөліну, бірін-бірі белгілі бір себепсіздіктерге байланысты жек көру секілді құбылыстар теріс бейсаналық пен түрлі келеңсіздіктерге жол ашып жатыр. Бұл қоғам, мемлекет, әлем бойынша орын алуда. Міне, қоғамдағы мәдениет функцияларының бірі – осындай қоғамдық немесе жеке әрекет түрлерін реттеу болып табылады. Яғни мәдениет мораль мен құқыққа негізделе отырып, адамдардың мінез-құлқына әсер етеді [1]. Кез келген халықтың мәдениеті бос нәрсеге емес, адамдар мен оны қоршаған ортада әрекет етеді. Мәдени нысан оқшау, мәңгіге берілген үлес емес. Ол – заман ағымның өрісі. Мәдени нысанның ең басты артықшылығы оның тылсымдық қасиетінде. Мәдениеттің негізгі қайнар көзі, өзегі салт-дәстүр, әдеп-ғұрып болып табылады. Ал қазақ мәдениетін әдептік құндылықтардан тыс талдау мүмкін емес. Мысалы, «Мәдениеттану» оқулығының авторлары егер Батыста – рационалды ғылым, Шығыста – жантану өрістесе, онда қазақ сахарасында «адам болу» ұстанымы алдағы қатарда болған. Сол секілді дана халқымыздан «Адам әдебімен көрікті» деген сөздің қалуы да тегін емес. Демек, ұлттық мәдениет және руханиятымыздың негізгі көзіне адами ізгіліктер мен әдептілік белгілері кіреді. Әсіресе, ұлтымыздың мәдени өміріндегі мұсылмандар дүниетанымына жататын әдептілікті жіктейтін болсақ, оның ең бірінші қозғаушы күші деп адам мен пенде ұғымдарын ала аламыз. Адамға келсек, ол құдіреті күшті жаратушының ықпалымен дүниеге келген жанды жаратылыс. Барлық адамзаттың түп тамыры. Сондықтан ол кез келген елдің пәлсапасында тектілік ұғымымен түсіндірілетін сипатқа ие. Алла тағала адамды топырақтан жаратқан және оған өзіндік мән мен жан берген. Күшті адам ол – рухани бай адам. Осындай мақсат тұтатын пенде туралы қазақ халқын зерттеуші Қ. Жарықбаев өз ойларын былай түсіндіреді: «Ақылы бар адам өзіндік ойы, өзіндік мақсаты, өзіндік бағыт-бағдары бар, кез келгеннің артынан еріп кетпейді. Салмақтылық, тұрақтылық, мінезділікке – адам ауадай зәру. «Қайда болсаң да өзіңді тізгіндей білу», «Тұлға болу үшін батырлық пен қатар ақпейілдік те керек», «Сабырлық – жақсы қасиет» [2]

Тұлғаның осындай ұнамды қабілеттерін тізе келіп, халықты ұнамсыз, жат әрекеттерден